

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне архив ісі және құқыққа қайшы контенттің таралуын шектеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2025 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2026 жылғы 11 ақпандағы № 15-ө
Өкімі

1. Қоса беріліп отырған қабылдануы "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне архив ісі және құқыққа қайшы контенттің таралуын шектеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2025 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңымен негізделген құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі – тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары:

1) тізбеге сәйкес құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Президентіне және Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізісін;

2) тізбеге сәйкес тиісті ведомстволық актілерді қабылдасын;

3) ай сайын, 30-ы күнінен кешіктірмей тізбеге сәйкес құқықтық актілердің әзірленуі және қабылдануы туралы ақпаратты жалпыға қолжетімді мемлекеттік ақпараттандыру объектісінде орналастырып тұрсын.

3. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі көрсетілген Заңды іске асыру жөніндегі жиынтық ақпаратты талдап, қорытындыласын және ай сайын, 5-і күнінен кешіктірмей жалпыға қолжетімді мемлекеттік ақпараттандыру объектісінде орналастырып тұрсын.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

О. Бектенов

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2026 жылғы 11 ақпандағы
№ 15-ө өкімімен
бекітілген

Қабылдануы "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне архив ісі және құқыққа қайшы контенттің таралуын шектеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2025 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңымен негізделген құқықтық актілердің тізбесі

--	--	--	--	--	--

Р/с №	Құқықтық актінің атауы	Құқықтық актінің нысаны	Орындауға жауапты мемлекеттік орган	Орындау мерзімі	Құқықтық актіні сапалы, уақтылы әзірлеуге және енгізуге жауапты адам
-------	------------------------	-------------------------	-------------------------------------	-----------------	--

1	2	3	4	5	6
1.	Мемлекеттік архивтерге "Ұлттық" мәртебесін беру қағидалары мен шарттарын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы	МАМ	2026 жылғы ақпан	А.Ж. Сыдықов
2.	"Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысына өзгерістер енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	МАМ	2026 жылғы ақпан	А.Ж. Сыдықов
3.	"Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 866 қаулысына	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	МАМ	2026 жылғы ақпан	А.Ж. Сыдықов

	өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы				
4.	"Қазақстан Республикасының масс-медиа туралы заңнамасының сақталуына тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары және тексеру парағын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2018 жылғы 9 қарашадағы № 473 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 15 қарашадағы № 69 бірлескен бұйрығына толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің бірлескен бұйрығы	МАМ, ҰЭМ	2026 жылғы ақпан	Қ.Ж.Ысқақов, Е.Е. Сағнаев
5.	"Фильмге прокаттау куәлігін беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2019 жылғы 3 мамырдағы № 125 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің бұйрығы	МАМ	2026 жылғы ақпан	А.Ж. Сыдықов
	"Сыртқы (көрнекі) жарнаманы елді				

6.	<p>мекендердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде, елді мекендерден тыс жердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінен тыс жерде орналастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 13 мамырдағы № 37 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы</p>	<p>Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің бұйрығы</p>	<p>ҰЭМ</p>	<p>2026 жылғы ақпан</p>	<p>Е.Е. Сағнаев</p>
7.	<p>" Телекоммуникациялар желілерінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау мәселелері бойынша мемлекеттік органдардың өзара іс-қимыл жасасу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан</p>	<p>Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің бұйрығы</p>	<p>МАМ</p>	<p>2026 жылғы наурыз</p>	<p>Қ.Ж. Ысқақов</p>

	<p>Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2022 жылғы 27 қыркүйектегі № 409 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы</p>				
8.	<p>"Ұлттық архив қорының құжаттарын және басқа да архивтік құжаттарды мемлекеттік және арнаулы мемлекеттік архивтердің жинақтау, сақтау, есепке алу мен пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 9 тамыздағы № 215 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы</p>	<p>Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің бұйрығы</p>	МАМ	2026 жылғы ақпан	А.Ж. Сыдықов
9.	<p>"Ұлттық архив қорының құжаттарын және басқа да архивтік құжаттарды ведомстволық және жеке архивтердің қабылдау, сақтау, есепке алу мен пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және</p>	<p>Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің бұйрығы</p>	МАМ	2026 жылғы ақпан	А.Ж. Сыдықов

	с п о р т министрінің 2023 жылғы 25 тамыздағы № 235 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы				
10.	"Мемлекеттік ж ә н е мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама ж а с а у, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және с п о р т министрінің 2023 жылғы 25 тамыздағы № 236 бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің бұйрығы	МАМ	2026 жылғы ақпан	А.Ж. Сыдықов
11.	"Масс-медиа саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің міндетін атқарушының 2024 жылғы 17 қазандағы № 488-НҚ бұйрығына толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің бұйрығы	МАМ	2026 жылғы ақпан	Қ.Ж. Ысқақов

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

МАМ – Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі;

ҰЭМ – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК